

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 1332 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

1992 жылғы 15 мамырда Ташкентте қол қойылған және 1994 жылғы 20 сәуірде күшіне енген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт), сондай-ақ 1992 жылғы 2 сәуірде Мәскеуде қол қойылған және 2000 жылғы 22 наурызда күшіне енген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұзарту туралы хаттамаға қатысушы мемлекеттер,

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде ынтымақтастықты дамыту ұ м т ы л ы с ы н н е г і з г е а л а о т ы р ы п ,
Ш а р т т ы ң 9 - б а б ы н а с ә й к е с ,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 2-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бір немесе бірнеше қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, аумақтық тұтастығына және егемендігіне немесе халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер туындаған жағдайда, қатысушы мемлекеттер өз ұстанымдарын үйлестіру мақсатында дереу бірлескен консультациялар тетігін іске қосады, туындаған қатерді жою мақсатында осындай мемлекеттерге көмек көрсету жөнінде шаралар ә з і р л е й д і ж әне қ а б ы л д а й д ы . » ;

б) 3-баптағы «және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірлескен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы» деген сөздер алып тасталсын;

в) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап

Егер қатысушы мемлекеттердің бірі агрессияға (қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, аумақтық тұтастығына және егемендігіне қатер төндіретін қарулы шабуыл) ұшыраса, онда мұны қатысушы мемлекеттер осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің барлығына жасалған агрессия (қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, аумақтық тұтастығына және егемендігіне қауіп төндіретін қарулы шабуыл) ретінде қарайтын болады.

Қатысушы мемлекеттердің кез келгеніне агрессия (қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, аумақтық тұтастығына және егемендігіне қауіп төндіретін қарулы шабуыл) жасалған жағдайда, осы қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша барлық қалған қатысушы мемлекеттер оған жедел түрде әскери көмек көрсетуді қоса алғанда, қажетті көмек көрсетеді, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының 51-бабына сәйкес ұжымдық қорғаныс құқығын жүзеге асыру тәртібімен өздерінің иелігінде бар құралдарымен қолдау көрсетеді.

Осы баптың негізінде қабылданған шаралар туралы қатысушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесін дереу хабардар етеді. Осындай шараларды жүзеге асыру кезінде қатысушы мемлекеттер БҰҰ Жарғысының тиісті ережелерін _____ ұстанатын _____ болады.» ;

г) 5-баптағы екінші сөйлем алып тасталсын;

д) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап

Осы Шарттың 2 және 4-баптарына сәйкес ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштерін және құралдарын пайдалану туралы шешімді қатысушы мемлекеттердің басшылары қ а б ы л д а й д ы .

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштерін және құралдарын қатысушы мемлекеттер аумағынан тыс жерлерде пайдалану Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына және осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес халықаралық қауіпсіздіктің айрықша мүдделерінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.» ;

е) 11-баптың үшінші абзацының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ратификациялық грамоталар осымен депозитарий ретінде тағайындалатын Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының) Бас х а т ш ы с ы н а _____ с а қ т а у ғ а _____ б е р і л е д і . » .

2. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Хаттама оған қол қойған мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында 201__ жылғы «__» _____ бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол оның куәландырылған көшірмелерін осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттерге жібереді.

Армения Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК